

2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша банктік емес ұйымдардың ағымдағы жағдайы

2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша республикада 133 кредиттік серіктестік қызметін жүзеге асыруда, жұмыс істеп тұрған кредиттік серіктестіктердің 103-і Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Аграрлық секторды кредиттеу мәселелері туралы» 2001 жылғы 25 қаңтардағы № 137 қаулысын іске асыру шеңберінде құрылды; 78 ломбард және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге 51 ұйым, оның ішінде 4 ипотекалық компания.

№№	Ұйымның атауы	01.01.2005	01.10.2005
1	Кредиттік серіктестіктер	83	133
2	Ипотекалық компаниялар	3	4
3	Ломбардтар	75	78
4	Басқа ұйымдар	43	47
Жиынтығы		204	262

Активтер. 2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша кредиттік серіктестік активтерінің жиынтық мөлшері өткен аймен салыстырғанда 4 068 млн. теңгеге немесе 15,9 %-ке өсіп, 29 619 млн. теңгені құрады. Кредиттік серіктестіктер активтерінің құрылымында үлкен бөлікті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар – 85,3% және банктердегі салымдар – 10,3% алып отыр, банкаралық кредиттердің және бағалы қағаздар портфельдерінің үлесі елеусіз болды.

Ипотекалық компаниялардың жиынтық активтері бір айда 2 406 млн теңгеге немесе 3,8%-ке өсіп, 2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 65 299 млн. теңге болды. Ипотекалық компаниялар активтерінің құрылымында үлкен үлесті заңды және жеке тұлғалардың заемдары (91,4%) алып отыр.

Өткен тоқсанда банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жиынтық активтері 16 791 млн. теңгеге өсті немесе 2,2 %-ті құрады және 2005 жылғы 1 қазанда 774 715 млн. теңге болды. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың активтерінің құрылымында үлкен бөлікті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар құрайды – 14,0 %.

(млн. теңге)

№№	Атауы	01.01.2005	01.10.2005	
		Активтер	Активтер	Өсімі (%)
1	Кредиттік серіктестіктер	10 219	29 619	189,8
2	Ипотекалық компаниялар	39 005	65 299	67,4
3	Ломбардтар*	6 716	*	*
4	Басқа ұйымдар**	96 593	774 715**	8 рет**

Кредиттік портфель. 2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша кредиттік серіктестіктердің кредиттік портфелі құрылымында елеулі бөлікті стандартты кредиттер алып отыр, олардың үлесі 87,2% болды. Соңғы айда кредиттік серіктестіктердің стандартты кредиттерінің үлесі ұлғайды. (86,5%-тен 87,2%-ке). Сонымен бірге, күмәнді кредиттердің үлесі 13,4%-тен 12,7%-ке дейін азайып, соңғы айда үмітсіз кредиттер үлесі 0,1% өзгерген жоқ.

Ипотекалық компаниялар бойынша стандартты кредиттердің үлес салмағы 99,04%, күмәнді - 0,89%, үмітсіздер - 0,07 % болды. Ипотекалық компаниялардың кредиттік портфелі өткен есепті күнгі жағдай бойынша мына жағдайда көрінді:

мұнда стандартты кредиттердің үлесі -98,81%, күмәнді- 1,15%, үмітсіз - 0,04% болды.

(млн. теңге)

№№	Атауы	01.01.2005	01.10.2005	
		Заемдар	Заемдар	Өсімі (%)
1	Кредиттік серіктестіктер	8 367	25 577	205,7
2	Ипотекалық компаниялар	35 307	59 654	69,0
3	Ломбардттар*	2 930	*	*
4	Басқа ұйымдар**	50 252	108 541**	116,0**

Жылдың өткен айында кредиттік серіктестіктердің жиынтық міндеттемелерінің жалпы сомасы 2 508 млн. теңгеге немесе 22,4 %-ке өсіп, 2005 жылғы 1 қазанда 13 681 млн. теңге болды. Кредиттік серіктестік міндеттемелерінің ең көп бөлігін алынған заемдар – 92,3% құрайды, 2005 жылғы 1 қыркүйекте олардың жиынтық міндеттемелердегі үлесі 90,0% болды.

Ипотекалық компаниялар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері бір айда 2 189 млн. теңгеге немесе 4,3 %-ке өсті және 2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 52 624 млн. теңге болды. Мұндайда, ипотекалық компаниялардың міндеттемелер құрылымында айналысқа жіберілген бағалы қағаздар (81,7 %-ке) және басқа банктерден алынған заемдар (14,8 %-ке) басым болғанын атап өткен жөн.

2005 жылғы 1 қазанда банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа ұйымдар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері 190 965 млн. теңге болды, өткен тоқсанмен салыстырғанда 8 012 млн. теңгеге немесе 4,0%-ке кеміді.

(млн. теңге)

№№	Атауы	01.01.2005	01.10.2005	
		Міндеттемелер	Міндеттемелер	Өсімі (%)
1	Кредиттік серіктестіктер	5 746	13 681	138,1
2	Ипотекалық компаниялар	34 139	52 624	54,1
3	Ломбардттар*	2 566	*	*
4	Басқа ұйымдар**	73 879	190 965**	158,5**

Капитал. Кредиттік серіктестіктердің балансы бойынша жиынтық меншікті капитал бір айда 1 560 млн. теңгеге немесе 10,8%-ке өсіп, 2005 жылғы 1 қазанда 15 938 млн теңге болды.

Ипотекалық компаниялардың меншікті капиталы өткен аймен салыстырғанда 217 млн. теңгеге немесе 1,7 %-ке өсіп, 2005 жылғы 1 қазанда 12 675 млн. теңге болды. 2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдардың меншікті капиталының жиынтық көлемі бір тоқсанда 24 804 млн. теңгеге немесе 4,44 %-ке өсіп, 583 751 млн. теңге болды.

(млн. теңге)

№	Атауы	01.01.2005		01.10.2005	
		Меншікті	Оның ішінде	Меншікті капитал	Оның ішінде
		ті			

		кап ита л	Жарғы лық кап ита л	Бөлінбе ге н таза кіріс (өтелме ге н шығын)		Жарғыл ық кап итал	Бөлінбе ге н таза кіріс (өтелме ге н шығын)
1	Кредиттік серіктестіктер	4 473	3 164	183	15 938	13 667	304
2	Ипотекалық компаниялар	4 867	3 770	687	12 675	10 510	473
3	Ломбардтар	4 150	4 444	-257	*	*	*
4	Басқа ұйымдар	22 714	17 669	1 325	583 751**	216 523**	7 031**

* Ломбардтар есеп беруді жылдық негізде ұсынады.

** банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есеп беруді тоқсан сайынғы негізде ұсынады.

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі даярлады.